

*Д.С. Байсымақова,*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің халықаралық қатынастар және құқықтану факультетінің мемлекеттік басқару және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы*

## **МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Мемлекет теориясында қазіргі кезеңде өзінің әлі де болса, толыққанды шешімін таба қоймаған мәселелер легі баршылық. Солардың қатарына, мемлекеттің әлеуметтік қызметі жатады. Қазіргі кезеңде әлемнің көптеген елдерінің барлығы қоғам мүшелерінің әлеуметтік тұрғыда қамсыздандыру мәселесіне ерекше мән беруде. Қазақстан Республикасы да дамыған елу елдің қатарына көтерілем десе, осы мәселеге ерекше ықтиярмен көңіл бөлуі қажет. Мемлекеттің әлеуметтік қызметі және оны өзінің деңгейінде жүзеге асыру әрқашанда қоғам өмірінде мүмкін бола қоймайтын күрделі мәселе болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік қызметі сол мемлекеттегі экономикалық өсумен тікелей байланысты болып келеді.

Қазіргі кезеңде мемлекет және құқық теориясында ғалымдар ортасында мемлекеттің әлеуметтік қызметін түсінуге байланысты жалпы бағыты бір болғанмен, әр түрлі оның қырына мән беретін ой-тұжырымдар да орныққан болатын. Отандық заңгер ғалымдардың ішінде Т. Ағдарбеков мемлекеттің әлеуметтік қызметін былай түсіндіреді: «Мемлекеттің әлеуметтік функциясы-жеке адамның, барлық қоғам мүшелерінің өмірінің бірқалыпты жағдайын, олардың тікелей өндірістік қатынасқа тәуелсіздігінің әлеуметтік қорғалуы үшін қажет.

Құқықтық мемлекетте материалдық жағдайларды бөлу өндірушілердің арасындағы эквиваленттік айырбастан басқа тұтынушылармен іске асырылады. Оның әлеуметтік саясатының көздейтіні біріншіден, әлеуметтің табысты бөлуді әркімнің сіңірген еңбегіне қарамай жүргізу қажет. Себебі, әр түрлі объективтік себептерге байланысты өз жөнінде толық жұмыс істей алмайтын адамдардың (аурулар, инвалидтер, кәртайған адамдар, студенттер, балалар) өмір деңгейін қадірлеуді қамтамасыз ету қажеттігі. Екіншіден, мемлекет қажетті қаражатты денсаулыққа, мәдени дем алуға, білім алуға, үй салуға, көліктің нақты жұмысына және байланысқа бөледі. Сонымен, азаматтардың құқықтары денсаулық сақтауға, дем алуға, білім алуға, мәдениеттің жетістіктерімен пайдалануға, яғни мемлекеттің іске асырылуы қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік құқықтық мемлекеттің құрылуы қиын және ауыртпалық жолдардан өтті. Алғашқыда, қоғамның дамуы және байуы, адамдардың бай және кедей болып жіктелуіне әкеп соғады. Формальді түрде жарияланған теңдік материалдық теңсіздікті қайта туғызып, қоғамдағы әлеуметтік жанжалдың тууына себеп болады. Тек, құқықтық мемлекет біртіндеп әлеуметтік мемлекет кейпіне ие болады, жеке адамдардың еркін дамуына формальды кепілдік, әлеуметтік қорғаудың материалдық кепілдігімен толықтандырылады. Қазіргі құқықтық мемлекет барлығына бірдей әлеуметтік қорғалуға кепілдік береді. Әсіресе, экономикалық жағынан пайдасыз жағдайдағыларға қаражат бөлініп, көмек беріледі.

Тек экономикалық, материалдық, рухани жағынан еркіндігі бар мемлекет қана, елдің тұрғындарына адал әлеуметтік саясат жүргізе алады» /1/. Сонымен қатар, ұжымдық авторлардан тұратын Қазақстандағы алғашқы мемлекет және құқық теориясының авторлары да, әлеуметтік қызметке мынандай түсінік береді: «Әлеуметтік функция-мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты қамтамасыз етіп, жақсы дәрежеде дамыту. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты екі бағытқа бөлінеді: бірінші бағыты-адамдардың қоғамдағы еңбегіне қарамай мүгедектерге, зейнеткерлерге, науқас адамдарға, көп балалы жанұяға, студенттерге мемлекеттік көлемде жан-жақты көмек жасап, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту; екінші бағыты-адамдардың денсаулығын қорғауға, жақсартуға, мәдениетті дамытуға, халықтың жақсы тұрып, жақсы демалуына қамқорлық жасап, мемлекеттік бюджеттен тиісті мөлшерде қаржы бөліп отыру» /2/. Қазақстандық белгілі ғалымдардың бірі, С.А. Табанов мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәні мынада деп санайды: «Әлеуметтік сферада-халықты әлеуметтік қорғау (мүгедектерді, көп балалы аналарды, жұмыссыз адамдарды), зейнетақымен қамтамасыз ету, денсаулық сақтауға, білімге, жол құрылысына, қоғамдық көлікті дамытуға, байланыс құралдарына қажетті қаражатты бөлу т.б.» /3/. Ал, Ғ.С. Сапарғалиев пен А.С. Ибраева әлеуметтік мемлекеттің маңызы мынада дейді: «Қандай да болсын қоғам түрлі таптардан, әлеуметтік топтардан тұрады. Кейбір елдерде, мысалы: Қазақстанда,

<sup>1</sup> Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2002. – 91-92 бб.

<sup>2</sup> Жоламан Қ.Д., Мұқтарова А.К., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Баспа, 1998. – 61 б.

<sup>3</sup> Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 21 б.

көптеген ұлттар тұрады. Олардың арақатынасын реттеу-негізінен мемлекеттің міндеті. Оларға қамқорлық жасауды, олардың арасындағы қатынастарды, пайда болатын қайшылықтарды реттеу, шешу, жөнге салу, тек қана мемлекеттің қолынан келетін іс. Ол үшін мемлекетте күш те, қаражат та, басқа да мүмкіндіктер бар. Осыған сәйкес мемлекет әлеуметтік функция атқарады. Егерде мемлекеттің осы қызметі кең өріс алып, үздіксіз жүргізілетін болса, оны әлеуметтік мемлекет дейді» /1/. Қазақстандық белгілі ғалымдар С. Өзбекұлы мен Ө. Қопабаев Қазақстан Республикасының негізгі заңына сүйене отыра, мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәнін мынадан көреді: «Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетімізді демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырумен қатар, оны әлеуметтік деп жариялады. Әлеуметтік функция қоғамның көптеген салаларын қамтиды және мемлекеттің, адамның әл-ауқатын, тұрмысын жақсартуға бағытталған. Әлеуметтік функцияның ең негізгі мақсаты-қоғамдағы байлықты халық арасында әділеттілік қағидасы негізінде бөлініп беру болып табылады. Мемлекет өз тарапынан еңбек етуге жарамсыз болған қоғамдағы әлеуметтік топтарға жан-жақты қамқорлық жасауға міндет алады.

Конституцияда былай деп көрсетілген:

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалақы мен зейнетақаның ең төменгі мөлшеріне, жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

2. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады (28-бап).

Бұл норма мемлекетке қарт адамдарды, мүгедектерді, көп балалы отбасын, тастанды, жетім балаларды және тарихи отанына оралған қазақтарға көмек көрсету міндетін жүктейді. Сонымен қатар, мемлекеттің әлеуметтік функциясының ең бастапқы міндеттерінің бірі-кедейлікпен, жұмыссыздықпен күресу болып табылады. «Қазақстан-2030» бағдарламасында бұл мәселені шешуде мемлекет алдына мынандай міндеттер қойып отыр: «Осы жылдардың ішінде кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес стратегиясы:

- кіші кредиттер жүйесін енгізуге;
- шағын және орта бизнесті дамытуға;
- еңбекті көп қажет ететін салаларды басымдықпен дамытуға және бұларға шетел инвестициялары мен ұлттық капиталды белсенді тартуға;
- шарттар мен контракттар және бюджеттік сатып алулар кезінде жұмыспен қамту проблемаларына қатаң тұрғыдан келуге;
- қоғамдық жұмыстарды, ең алдымен жол құрылысы мен орман отырғызуды дамытуға;
- жеке кәсіпкерлерді дамыту жолындағы қажетсіз әкімшілік кедергілердің бәрін алып тастауға;
- қызмет көрсету саласын және әсіресе туризмді белсенді дамытуға негізделеді».

Бұл міндеттер мемлекеттің әлеуметтік функциялары арқылы іс жүзіне асырылады» /2/. Көріп отырғанымыздай, отандық заңгер ғалымдар мемлекеттің әлеуметтік қызметін жалпы дұрыс бағытта қарастыра отыра, өзіндік ойларын негіздеуге ұмтылады. Шетелдік ғалымдардың ішінде, оның ішінде Ресей ғалымдары да мемлекеттің әлеуметтік қызметіне ерекше мән берген. Салыстыру үшін кейбір тұжырымдарға тоқталып кететін болсақ, Ресейлік белгілі мемлекеттанушы В.Е. Чиркин мемлекеттің әлеуметтік қызметін былай деп түсіндіреді: «Социальная функция по-разному осуществляется в тех или иных государствах. В тоталитарных государствах она имеет классовые цели, хотя под лозунгами о трудящихся, рабочих и крестьянах или иногда под националистическими лозунгами социальные привилегии получала партийно-государственная номенклатура (в т.ч. местная, национальная). В современном государстве эта функция имеет общесоциальные цели. Во-первых, это регулирование отношений между различными социальными, этническими и иными общностями в стране. Государство устанавливает минимум оплаты труда, в бюджетной сфере определяет денежные оклады работников, принимает меры по организации общественных работ, оказывает помощь матерям и детям, выплачивает пособия по безработице, стипендии студентам, помогает материально молодежным объединениям. Оно создает условия для развития экономики, культуры, языка, этнических групп, помогает коренным малочисленным народам. Есть много других направлений деятельности государства, которые осуществляются в соответствии с принципами справедливости и социальной солидарности в обществе. Во-вторых, это оказание социальных услуг населению: создание сети образовательных учреждений, медицинского обслуживания, систем транспорта и связи, путей сообщения и др.» /3/. Ресейлік оқулықтардың бірінде, мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәні былай деп бағамдалған: «Содержание

<sup>1</sup> Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: (оқу құралы). – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 31 б.

<sup>2</sup> Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 52-53 бб.

<sup>3</sup> Чиркин В.Е. Современные государства. – М.: Международные отношения, 2001. – С. 202.

этой функции предполагает охрану труда и здоровья людей, гарантированный минимальный размер оплаты труда, государственную поддержку семьи, материнства, отцовства и детства, инвалидов и пожилых граждан; развитие системы социальных служб; государственные пенсии, пособия и иные гарантии социальной защиты» /1/. Осылай дей келе, әлеуметтік қызметтің маңызды қырына былай мән береді: «Важные стороны социальной функции государства составляют также смягчение и преодоление таких издержек нынешнего переходного периода, как бедность, углубление неравенства и рост безработицы; стабилизация уровня жизни населения и более равномерное распределение бремени экономических трудностей между различными группами населения» /2/. Ал, тағы бір оқулықтардың бірінде, мемлекеттің әлеуметтік қызметі былай түсіндіріледі: «С экономической тесно связано социальная функция государства. Она многообразна по содержанию и масштабна по объему государственной деятельности. Главное ее назначение – устранить или смягчить возможную социальную напряженность в обществе, постараться выровнять социальное положение людей, развивать здравоохранение, образование, культуру.

Для выполнения социальной функции государства создает фонды, которые расходуются на пенсии, пособия, здравоохранения, образование. Оно разрабатывает и реализует программы, стабилизирующие занятость населения и сокращающие безработицу, регулирует (в той или иной мере) размеры заработной платы и др.» /3/.

Міне, кішігірім отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан мемлекеттің әлеуметтік қызметіне байланысты көзқарастар жүйесі осы тұрғыда өрбіген екен. Енді, біз тұжырымдарды қорыта келе, мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәнін тұжырымдауға келетін болсақ, жалпы оның ұғымын бермес бұрын, мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәнін ашатын негізгі белгілерді топтастырып алуымыз қажет. Жалпы мемлекеттің әлеуметтік қызметінің ерекшеліктері мына жағдайлардан көрінеді:

Біріншіден, мемлекеттің әлеуметтік қызметі, мемлекеттік органдар тарапынан бағытты түрде жүзеге асырылатын қызметтің бір түрі болып табылады;

Екіншіден, мемлекеттің әлеуметтік қызметі, жалпы мемлекеттің мәнін құратын, соның мазмұнын көрсететін қызметтердің бірі болып табылады;

Үшіншіден, мемлекеттің әлеуметтік қызметі қоғамдағы әлеуметтік топтардың арасындағы алшақтықты, қарама-қарсылықты жоюға бағытталған;

Төртіншіден, мемлекеттің әлеуметтік қызметі адами құндылықтарды басшылыққа алатын мемлекет қызметі болып табылады.

Осы ойымызды қорыта келгенде, жалпы айтарымыз, мемлекеттің әлеуметтік қызметі дегеніміз-әлемдік мемлекеттің даму тәжірибесі мойындаған бірнеше ғасырлардан бері жүзеге асырылып келе жатқан, жалпы адами құндылықтарды білдіретін мемлекеттің қоғамдағы тағайынның мәнін құрайтын, мемлекеттік органдар тарапынан жүзеге асырылатын қоғамдық, әлеуметтік топтардың арасындағы қайшылықтарды жоюға бағытталған мемлекеттің мақсатты қызметінің бір түрі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ағдарбеков Т. Құқық және мемлекет теориясы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2002. – 320 б.
2. Жоламан Қ.Д., Мұқтарова А.К., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Баспа, 1998. – 256 б.
3. Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 464 б.
4. Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: (оқу құралы). – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 96 б.
5. Өзбекұлы С., Қонабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.
6. Чиркин В.Е. Современное государство. – М.: Междунар. отношения, 2001. – 416 с.
7. Общая теория государства и права. Академический курс в 3-х томах. Изд. 2-е перераб. и доп. / Отв. ред. М.Н. Марченко. – М.: Зерцало-М, 2002. – Т. 1. – 528 с.

<sup>1</sup> Общая теория государства и права. Академический курс в 3-х томах. Изд. 2-е перераб и доп / Отв. ред. М.Н.Марченко. – М.: Зерцало-М, 2002. – Т.1. – С. 342.

<sup>2</sup> Общая теория государства и права. Академический курс в 3-х томах. Изд. 2-е перераб и доп / Отв. ред. М.Н.Марченко. – М.: Зерцало-М, 2002. – Т.1. – С. 343.

<sup>4</sup> Теория государства и права: Учебник для вузов / Под ред. проф. В.М. Корельского и проф. В.Д. Первалова. – 2-е изд., изм. и доп. – М.: Норма, 2003. – С. 153.

8. *Общая теория государства и права. Академический курс в 3-х томах. Изд. 2-е перераб. и доп. / Отв. ред. М.Н. Марченко. – М.: Зерцало-М, 2002. – Т. 1. – 528 с.*
9. *Теория государства и права: Учебник для вузов / Под ред. проф. В.М. Корельского и проф. В.Д. Перевалова. – 2-е изд., изм. и доп. – М.: Норма, 2003. – 616 с.*

#### **Резюме**

*В данной статье рассматриваются особенности социальной функции государства, содержание этой функции предполагает охрану труда и здоровья людей, гарантированный минимальный размер оплаты труда, государственную поддержку семьи, материнства, отцовства и детства, инвалидов и пожилых граждан; развитие системы социальных служб; государственные пенсии, пособия и иные гарантии социальной защиты. Автор резюмирует социальные функции государства, как способ, направленный на консолидацию социального противоречия общества.*

#### **Resume**

*This article discusses the features of the social functions of the state, the contents of this function involves occupational safety and health, guaranteed minimum wage, state support for families, mothers, fathers and children, the disabled and elderly citizens, the development of social services, government pensions, benefits and other social security guarantees. The author sums up the social functions of the state, as a way to consolidate the social contradictions of society.*

**Б.Н. Бейсеналиев,**

*магистр права, соискатель Университета «Кайнар»*

## **МЕХАНИЗМ ОХРАНЫ ЛИЧНОЙ СВОБОДЫ ПО УГОЛОВНОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Все события, произошедшие за последние десятилетия перед принятием Уголовного кодекса Республики Казахстан, внесли коренные изменения в экономику и психологию людей, стало проявляться все более критическое отношение к органам власти, к закону и праву, которое впоследствии оказало отрицательное влияние на социальную и криминальную обстановку в государстве.

В этих условиях появление таких преступлений против личности и общественной безопасности, как захват заложников, похищение человека и незаконное лишение свободы, стало одним из общественно опасных способов разрешения противоречий, вызванных к жизни новыми обстоятельствами, характеризующимися экономической и политической нестабильностью и связанными с нею последствиями борьбы за существование [1].

В современном обществе похищения людей и их бесследное исчезновение приобрели глобальный характер. Если до 1996 года эта группа преступлений вообще не отражалась в официальных статистических данных МВД Республики Казахстан, то в нынешний период их значительный ежегодный рост стал устойчивой тенденцией.

Так, по данным Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, в I полугодии 2008 года зарегистрировано 13 преступлений по ст. 128 УК Республики Казахстан (торговля людьми), из них 8 в отношении женщин и 2 – несовершеннолетних. Тогда как в аналогичном периоде 2009 года было зафиксировано 14 дел в отношении торговцев людьми по ст. 128 УК Республики Казахстан, а также сопутствующих этому таких общественно опасному деянию явлений, как торговля несовершеннолетними (ст. 133 – 5 дел), похищение человека (ст. 125 – 3 дела) и незаконное лишение свободы (ст. 126 – 4 дела) [2].

Однако чисто количественная характеристика похищений людей дает далеко не полное представление о состоянии данного элемента преступности в Республике Казахстан. Преступления этого вида характеризуются чрезвычайно высоким уровнем латентности.

Касаясь этой проблемы, Р.Э. Оганян пишет: «Латентность этой категории преступлений обусловливается целым рядом причин, среди которых можно назвать неверие родственников в способность органов власти освободить похищенного или лишенного свободы, надежду добиться освобождения собственными силами, в том числе посредством обращения к услугам посредников либо преступных авторитетов, боязнь со стороны родственников исполнения угрозы похитителей убить похищенного в случаях обращения в органы власти и т.п. Нередко бывает и так, что сведения о похищении человека поступают после уплаты выкупа и возвращения невольника домой» [3].